

**1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 18 тамыз N 784

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 P980703\_ қаулысының 2-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына арналған бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы: 1998 жылдың 15 тамызына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының

Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша жоғарыда аталған тізбелерге сәйкес Министрліктің мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарды бекітсін;

бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 18 тамыздағы  
N 784 қаулысымен  
бекітілген

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының бағдарламалары мен кіші  
бағдарламаларының тізбесі

N	Атауы	1998 жылы	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржыландыру
		нысаны	
1	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		
	Республикалық деңгейдегі әкімшілік		
	шығыстар	Ұстауға	Ұстауға
	Орталық органның аппараты		
	"Байқоңыр" ғарыш айлағындағы арнаулы		
	өкілдіктің аппараты		
	Сейсмологиялық ақпарат мониторингі		
	Мемлекеттік мекемелер		
	Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік		
	экспедиция		
	Республикалық деңгейде орындалатын	Бұл да	Көрсетілген
	мемлекеттік тапсырыстар		қызметтер
	Іргелі ғылыми зерттеулер және жалпы		үшін
	сипаттағы қолданбалы зерттеулер		
	Ғылыми-техникалық ақпараттың қол		
	жетімділігін қамтамасыз ету		
	Тарихи-мәдени құндылықтарды қорғау		
	Ғимараттарды күту және қызметкерлердің		
	қызметін қамтамасыз ету		
4	Білім беру		
	Республикалық деңгейде орындалатын	Бұл да	Көрсетілген
	мемлекеттік тапсырыстар		қызметтер
	Аппараттың кадрларын қайта даярлау		үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК